



ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН КЕЗЕҢДЕЛУ ПРОБЛЕМАСЫН ОҚУШЫЛАРҒА ТҮСІНДІРУ ӘДІСТЕРІ

Гүлжан МЕЙІРМАНОВА

*Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Қазақстан тарихы, саясаттану және әлеуметтану кафедрасының
аға оқытушысы, т.ғ.к., Қызылорда қ.*

Ұлт Көшбасшысы – Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Жалпақ жұртыңды, иісі Алашыңды құрметтеу алдымен өзің тұрған өлкенің тарихын, табиғатын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады» деген сөзіне қарасақ үшінші мыңжылдықтың табалдырығын жаһандану үрдісімен қатар ашып отырған тәуелсіз еліміздің тарихын таразылау, болашағын болжау, кемел келешекке ұлағатты ұрпақ қалдыру міндеті осы уақытта ұстаздардың алдына қойылған үлкен мақсат десек артық кетпеген болар едік.

«Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында» деген сөзге мән берер болсақ, қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет – егеменді еліміздің тірегі болатын білімді ұрпақ тәрбиелеу. ХХІ ғасыр ақпараттық кезең уақытында ҚР білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында айқын көрсетілгендей, қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, өз кезегінде оқу бағдарламаларын өзгертуді, оқытудың жаңа технологияларын енгізуді көздейді. Бүгінгі таңда алға қойылған мақсаттарды іске асыруда басты рөлді мұғалімнің атқаратындығы туралы тұжырым даусыз дәлелдеген. Білім беру саласында жүргізілген әлемдік зерттеулердің нәтижелері тиісті кәсіптік қасиеттерге ие, оқыту және оқу үдерістерінің қажетті дағдылары мен терең түсініктерін игерген мұғалімдер жастардың білімін сапалық тұрғыдан өзгерте алатынын көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтармен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген.

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне оқыту мен тәрбие берудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық технологияны игерген, психологиялық, педагогикалық жұмыста қалыптасқан, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жолын салуға икемді, шығармашылық педагогикалық зерттеуші болатын ұстазды талап етеді. Қазіргі заман ағымына байланысты оқушылардың білімге қызығуын арттыру үшін мұғалімдерге жаңа талаптар қойылуда. Сол себепті оқытудың әртүрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Мысалы елімізде жан-жақты ізденістің нәтижесінде білім беру саласында жаңа педагогикалық технологиялардың саны да, сапасы да өсіп келеді. Жаңа заманның мұғалімдері оқушылардың бойында өз бетімен білім алу, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға; түрлі адамдармен тиімді диалог жүргізе алатын, қазіргі заманда табысты өмір сүруге дайын, сандық технологияларда құзырлылық танытатын белсенді азамат, болашақ маман ретінде қалыптасуға көмектесетінуке үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті біліммен және практикалық дайындықпен қамтамасыз ету міндетін өз мойнына алуға.

Еліміздің болашағын жасайтын жастар білімімен қатар шығармашылық қасиеті жоғары, өзіндік көзқарасы бар, елге тұлға болатын азаматтар болуы керек. Ал ол азаматтарды оқытып, тәрбиелеп шығаратын негізгі орта – мектеп. Сондықтан қазіргі мектеп ішінара қайта құруларға жол беріп, көп істерде оң өзгерістерге қол жеткізуде. Тарих пәні мұғалімдерінің міндеті – мәдениетті түрде білімді, іскер, жеке тұлғаны дамыту, ұлтымыздың рухын көтеру, осы мақсатқа жететіндей тиімді жол іздеу.

Заман талабына сай оқыту мен тәрбиенің соңғы түрлерін жедел игеріп, кәсіби шеберлікті ұштап отыру ұстаздың басты парызы. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасында: қазіргі білім берудегі басты мәселе – білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді де жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау екені атап айтады. Қазіргі заманның оқу барысында өзектілігін және талаптарын ескерте отырып тарих сабағының сапасын жаңа дәреже жоғарлату мақсатын алға қойып отыр.

Білім беру жүйесіндегі өзгерістер Отандық тарихтан білім беруде оқушыларды елжандылыққа, отансүйгіштікке, ізгілікке тәрбиелеу міндетін жүзеге асыруды талап етеді. Қазақстан тарихын өзіндік төл тарих ретінде, адамзаттың дүниежүзілік тарихының бір бөлігі ретінде қарастыру – оқушылардың әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне қызығушылығын оятып, ұлттық және жалпы адамзат жинақтаған құндылықтарды меңгеруіне мүмкіндік береді.

Қазақстан тарихын оқыту – оқушылардың білімі мен дайындық деңгейін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі нақты тарихы бойынша білім беру мақсатын көздейді.

Сонымен қатар, Қазақстанның сан ғасырлық тарихи жолы, оның әлемдік қауымдастықтағы орны, түрлі тарихи кезеңдегі еліміздің, онда мекендеген

халықтардың тағдырын анықтайтын фактілерді, қазақ мемлекетінің қалыптасып, дамуы мен тәжірибесі, бүгінгі Қазақстанның тағдырына өткенінің ықпалы жайлы білімдерді меңгертеді. Туған елі мен жерінің, халқының өткен өмірі мен бүгінгі тіршілігін, ертеңгі болашағын оқып үйрету әр оқушының бойында Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, баланың ой-өрісін дамытып, ұлтжанды, өз елінің нағыз патриоты болып қалыптасуына зор ықпалын тигізеді.

Бүгінгі таңда мектептерде оқу-тәрбие үрдісінде түрлі инновациялық педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені мәлім. Бұл технологиялардың бәрін бір пән сабақтарында қамту мүмкін емес. Сондықтан, мектептегі әрбір пәнді ұтымды меңгертуде оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушының әрекеті – технологияны қабылдауы, оған деген ынтасы, құштарлығына мұғалім тәрпынан көңіл бөлінуі тиіс. Сонымен жаңа оқу технологияларды және интерактивті әдістерді оқу үрдісінде қолданудың нәтижесінде оқушылар жинақталған тәжірибиесін сыртқа шығарып, оны өмірінде пайдалана алады және қоғамдық пәндерде оқушы көбіне ауызша жауап беріп, ой-пікірін ашық, нақты жеткізуге, мәселеге сыни тұрғыдан қарай білуге машықтанады. Жалпы заман талабына сай білім беру қашан да өзекті мәселе. Шығармашылық қабілеті мол, жан-жақты дамыған адамзат тәрбиелеуде жаңа педагогикалық технология ауадай қажет.

Тарих сабағында балалардың қызығушылығын оятып, олардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту үшін қолдануға болатын, әлемнің түрлі бөліктеріндегі және тарихтың түрлі кезеңдеріндегі оқиғалар туралы мысалдар жеткілікті. Сыни тұрғыдан ойлау мен мәтінді есепке ала отырып, бақылау мен тыңдау арқылы дәлелдер жинастыру және шешім қабылдау үшін талапқа сай өлшемдерді қолдану сияқты дағдыларды дамытуды қарастырады.

Білім берудің жаңа бағыттарының басты ерекшелігі – оқытудың нәтижесін алдын ала болжап, оқушылардың қызығушылықтары мен ізденімпаздығы негізінде білімі мен біліктерін жетілдіріп, оны сана «сүзгісінен» терең зерделей отырып, шығармашылық әлеуетін үнемі дамытуға және рухани толысуға ұмтылысын қалыптастыруды бағдар тұтады.

Технология сөзі – гректің өнер, шеберлік, біліктілік, оқу сөздерінен шығып, көптеген ұғымдарды білдіреді. *Білім берудегі инновациялық үрдістер негізінен үш бағытта жүргізіледі:*

- а) оқыту үрдісіне жаңалық енгізу,
- ә) оқыту мен тәрбиелеуге өзгерістер енгізу;
- б) жаңа құрал, әдіс (мысалы компьютерлік, материалдық тестілеу).

Біздің мектептерімізде тарих сабағында кез келген жаңа әдістерді қолдануға мүмкіндік бар, сондықтан тәжірибеде қолданылып жүрген әдістерге тоқталып өтсек:

Интерактивті әдіс: сабақ барысында оқушы мен мұғалім арасында тығыз байланыс орнап, оқушылардың белсенділігін арттыратын әдістемелік амалдың түрі. Мысалы: бұл әдісті үлкен тарауларды қайталау барысында қолданған тиімді.

Зерттеу-сабақ әдісі – оқытуды жетілдірудегі ерекше тәсіл, ол бірнеше кезеңнен тұрады: проблеманы белгілеу, шарттарын және оны шешу жолдарын талқылау, экспериментті жоспарлау және өткізу, алынған нәтижені талдау және қорыту, қорытынды жасау және ақпарат алмасу. Мысалы бұл бағытты жоғарғы сыныптарда қолданған тиімді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруда қосымша материалдарды айту, оларды орнымен қолдану – мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс істеуінің басты көрсеткіші.

Өзара білім алуға көмектесетін диалогтік оқыту әдісі – мұғалімнің оқу материалын түсіндіруі, оқушының оны меңгеруі; оқушылардың проблемаларды қоюға және оны шешуге қатысуына түрткі болу; олардың білім алуларын күшейту мақсатында оқу материалын дайындау және хабарлаушы әңгіме өткізудің оқу қағидаттарына негізделген реттеуші ережелер жүйесі. Негізгі белгілері: оқу материалы хабарлаушы әңгіме түрінде баяндалады, онда негізінен оқушыларға белгілі материал бойынша репродуктивтік сұрақтар қолданылады. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынамау және қайта бағыттау сияқты әртүрлі техникаларын пайдалануға болады.

Синхронды емес оқыту әдісінде:

– оқытушы мен білім алушының бір мезгілде жұмыс істеуін талап етпейтін қашықтықтан оқыту қолданылады. Ол оқу үдерісін икемді және қатысушылары үшін ыңғайлы етуге мүмкіндік береді.

– өгілетін оқу материалын мұқият оқып-зерттеп, іріктеу, проблемаларды шешу жолдарын меңгереді;

– мұғалім оқушыларды білім алуға «сүйремейді», оларға бағыт-бағдар беру арқылы білімін бағалауға қол жеткізеді;

– таңдалған оқыту формасы мен әдістері оқушылардың танымдық қызығушылығын артады;

– сабақ кезінде оқушылар мен ұстаздың, оқушылардың өз араларында пікір алмасу еркін жүргізіледі;

– оқушы тарихи ойлаудың, өзі жасаған қорытындылар мен тұжырымдардың дұрыстығына көз жеткізеді;

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану:

Оқушыларға аяқталмаған ойларды қорытуға; Фильмдерден үзінділер көрсету арқылы сабақты түсінуге;

Қосжазбалар автор мен оның сөзін талдауға / 9 сыныпта қолдануға болады. Мысалы: А. Байтұрсыновтың, Т. Рысқұловтың, С. Сәдуақасовтың, М. Дулатұлының суреттерін экранда көрсетіп, айтқан сөздерін дәптерге жаздыру.

Оқушыларға топтық тапсырмалар беру арқылы оқушылардың бір-бірімен тығыз байланыста болып, тыңдау, сараптау, талдау, жинақтау, түсіндіру қасиеттері қалыптасады.

Пікірсайыс технологиясы – қарым-қатынасқа негізделеді: мұғалім-оқушы. Қазіргі таңда білім жүйесінде үлкен салмақ оқушының өзіне түседі. Пікір сайыста оқушы мұғалімнің түсіндіргенін меңгеріп ғана қоймай, мұғаліммен тікелей пікірталасқа көшеді. «Пікірсайыс» технологиясының күтілетін нә-

тижелері: оқушылардың сөзге шешендігін жетілдіреді; өз өміріне, қоршаған ортаға сын көзбен қарауға үйретеді; анық, әсерлі, нақты сөйлесуге баулиды;

Ақпаратты технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады. Мысалы 7 сыныпта Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы пәнінде «Ғылым мен білім» (IX–XIII ғғ.) сабағын түрлендіріп өтуге болады. Үлгі ретінде осы сыныпта өткен тақырыпты айтсам болады. Бұл сабақта оқушы дүниежүзілік өркениет құндылықтарын ұштастырып, ортағасырлық ғұламалардың еңбектерімен танысып осы заманғы ғылым мен білімді салыстыра зерттейді. Сабақ барысында жасырын суреттерді табу үшін тақырыпқа қатысты сұрақтарға жылдам әрі дұрыс жауап беруге дағдыланады (бұл бір немесе бірнеше суреттер болуы да мүмкін). Сонымен қатар сабақ барысында пән бойынша электронды оқулықты пайдаланып, интерактивті тапсырмаларды орындайды. Бір 45 минут ішінде оқушыларға тиімді әдіс-тәсілдер арқылы сабақты меңгерте білу де шеберлік. Сондықтан Америкалық психолог Беджамин Блум тақырыпты оқытуда 6 түрлі әдісті енгізген. Олар: білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» – деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ. Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты.

Оқытуды ізгілендіру – оқыту құралдарына деген көзқарасты өзгертуді талап етеді. Өзгерістер бойынша оқу құралын оқушылардың өздігімен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай құралдар болу керек. Осы жерде компьютерлік техниканың функционалдық мүмкіндіктерінің мол екендігін ескере кету керек, себебі, компьютерлік техника – оқушыға, ол ізденіс және зерттеу жұмыстарын жүргізе алатындай, оқытушы орта құруына мүмкіндік береді. Қай заманда болсын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатындығы белгілі. Егеменді Қазақстан Республикасының болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын, оның ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Тарихты оқытудың негізгі мақсаттарының бірі – келешек ұрпақты өз елінің өткен дәуірлердегі тарихи оқиғаларынан хабардар болып, болашақта өмір қажеттілігіне жұмсап, өз жерін, елін сүйе білетін, отансүйгіш, ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеу. Мемлекеттік білім стандартының енуіне байланысты қазіргі кезде оқытудың мазмұны мен нәтижесіне көп мән берілуде. Оқыту нәти-

жесін тексерудің негізгі әдіс-тәсілдері қоғамның, білім реформасының жаңа ұрына байланысты жаңа формаларға енуде.

Бүгінде тарихты оқытудағы басты мақсат – дүниежүзілік дамудағы адамзаттың орны ерекше екендігін, ол жасаған бүкіл әлемдік құндылықтарды білетін, оларды еліміздің дамуы үшін ынталы, жан-жақты жетілген, өзінің тарихи тамырларын, қоғамның белсенді, бәсекеге қабілетті азаматтарды қалыптастырып, тәрбиелеу болып отыр. Қандай салада болмасын жанашылдық, инновациялық өзгерістер енгізіліп жатқан қоғамда, жаһандану үрдісіне ілесіп келе жатқан жас, тәуелсіз мемлекеттің болашағы келер ұрпағымен байланысты.

Мектеп оқулықтарының ішінде Қазақстан тарихы пәнінің алар орны бір төбе. Оған жүктелетін міндет те, жауапкершілік те жоғары. Себебі, Қазақстан тарихы ұлт болашағын, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ерекше үлес қосатын пән. Туған жер, ата-бабаларымыздың батырлық, ерлік дәстүрі, тыныс-тіршіліктерін тарихтан оқып білеміз. Өнеге алып, болашағымызды болжаймыз, қателіктерін қайталамауға тырысамыз. Өткен замандардағы дара тұлғалардың ерлік дәстүрін оқып-білген жас ұрпақтан ғана елім-жерім деген ерлер шығады. Тарих пен шежіре – ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеп өсіреді. Сонымен бірге азамат баласының бүкіл тарихына ой жүргізетін жол.

Мұғалім мен оқушының оқу процесі күрделі және көп қырлы болып келеді. Оның тиімділігі оқушы әрекетінің сипатымен айқындалады. Мұғалім өз пәнін қаншалықты жетік білгенімен оқушылардың қызығушылығын оятып, шығармашылық әрекетін ұйымдастыра алмаса, айтарлықтай табысқа жете алмайды. Сондықтан тарихты оқытудың мақсаттарын айқындау одан әрі жалғасуда. Мектепте оқыту үшін таңдап алынған тарихтың мазмұны мемлекеттік стандарт, бағдарлама, оқулық түрінде көрініс табады. Оқушылар ол мазмұнды сыныптық, сыныптан тыс және мектептен тыс оқу түрлерін қамтитын оқытуды ұйымдастырудың белгілі бір әдістемесі арқылы меңгерсе, қазіргі заман талабы оқушылардың бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады.

Ұрпағымыз ұлтжанды, рухани биік болып тәрбиеленуі үшін тарихты ұлттық тұрғыда жазып қалдыруға тиістіміз. Яғни, бізде бұл күнге қалай жеткенімізді, ата-бабамыздың ұлтарактай жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қалай қорғағанын, ұрпағына қалай табыстағанын, бүгін біздің еліміздің басынан не өтіп жатқанын баяндайтын тағылымды тарих болуы керек. Өткеніміз бен бүгінімізді толыққанды баяндайтын тарихымыз болса, ұрпағымыз сол тарихты оқып, елін сүйеді, жерін сүйеді, ата-бабаларын құрметтейді, қадірлейді. Ұрпақ тәрбиесі қазіргі қоғамда ең өзекті мәселе. Кез келген адам өз тарихын білмесе, өткеніне тарихи талдау жасамаса, келешегін болжап, жалғастыра алмайтыны анық. Тәуелсіз Қазақстанның кемел келешегі мен бақытты болашағы қазіргі мектеп партасында отырған жас ұландарымыз. Болашығымызды қамтамасыз ету үшін бүгінгі ұландарымызға өткен тарихымызды айта отырып, отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, ерлікке, елдікке, парасаттылыққа тәрбиелеу.

«Өткенді білмей, болашақты болжау мүмкін емес». Дана халқымыз түйіп айтқан ойлы сөздің бірі – осы. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың ел тарихын жаңаша көзқараспен, әлем тарихымен бірге алып қарастыра жазуды айрықша тапсырып отырғандығы да осыдан. Тарих пәні бүгінгі келешекке жеткізеді, ұрпақ пен ұрпақты сабақтастырады. Тәуелсіздік өркенімізді өсіріп, жас ұрпақты жаңа биіктерге құлшындырып, тың асулардан асырып отыр. Болашықтың еншісі – бүгінгі жас буын ұрпақтың тәрбиесіне төгілген тердің өлшемімен бағаланады. «Жай ұстаз – хабарлайды. Жақсы ұстаз – түсіндіреді. Керемет ұстаз – қалай жасау керектігін көрсетеді. Ұлы ұстаз – шабыттандырады» дегенді ескерсек еліміздің ұлағатты ұрпағын тарих пәні арқылы бүгінгімізді айқындап, болашығымызды бағдарлай алатын, өткенімізді өлшеп, келешегімізді тарзылай алатын, өз елінің ұлтжанды азаматын тәрбиелеп, еліміздің қарыштап дамуына өз үлесімізді қосайық. Еліміз аман, заманымыз тыныш, аспанымыз ашық, болашағымыз жарқын болғай!